«6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Максатов Нұржан Ришатұлының «Азаматтық сот ісін жүргізуде мұрагерлік істерді қарау ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	«6D030100-Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Максатов Нұржан Ришатұлының «Азаматтық сот ісін жүргізуде мұрагерлік істерді қарау ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығының мақсаттары мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. «8D042 – Құқықтану» кадрларды даярлау бағытында «6D030100, 8D04202 – Құқықтану», «6D030200, 8D04201 – Халықаралық құқық» докторантурада дайындау бағыттары бойынша ізденуші Максатов Нұражн Ришатұлының ұсынылып отырған жұмысы сәйкес келеді.

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	«Азаматтық сот ісін жүргізуде мұрагерлік істерді қарау ерекшеліктері» тақырыбы заң ғылымы үшін ерекше өзектілікке ие. Зерттеу нәтижелері мұрагерлік істерді қараудың теориялық негіздерін тереңдетуге және азаматтық сот ісін жүргізудің тиімділігін арттыруға бағытталған. Теориялық-әдістемелік тұрғыдан негізделген пікірлер мен тұжырымдар жасала отырып, зерттеу жұмысы заң ғылымының теориялық базасын кеңейтуге айтарлықтай **үлес қосады**. Бұл зерттеу мұрагерлік құқығы мен сот тәжірибесінің өзекті мәселелерін шешуге ықпал ететін ғылыми жаңалықтарды ұсынуымен құнды.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыс **жоғары** ғылыми деңгейде орындалған. Зерттеу барысында ғылыми терминологияның дәлме-дәл және орынды қолданылуы қамтамасыз етілген. Мазмұнның түсініктілігі мен баяндаудың сауаттылығы еңбектің басты артықшылықтарының бірі болып табылады. Жоғарыда аталған факторлар диссертациялық жұмыстың оқырман қауымға оң әсер қалдыратынына кепілдік береді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыста ұсынылған ғылыми нәтижелердің өзектілігі толыққанды **негізделген.** «Азаматтық сот ісін жүргізуде мұрагерлік істерді қарау ерекшеліктері» тақырыбының өзектілігі

			мен маңыздылығы қазіргі заманғы құқық қолдану практикасының талаптарымен айқындалады. Зерттеу тақырыбы жоғары халықаралық және тәжірибелік деңгейде зерделенгенімен, аталған салада әлі де шешімін таппаған мәселелердің жеткілікті болуы, автордың еңбегінің құндылығын арттырады. Зерттеуші ұсынған жаңаша көзқарастар мен тұжырымдар тақырыптың өзектілігін тереңдете түсіп, азаматтық сот ісін жүргізу теориясы мен практикасына елеулі үлес қосады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Зерттеу тақырыбының мазмұны мен жұмыс жоспарының өзара үйлесімділігі жоғары дәрежеде қамтамасыз етілген. Диссертациялық зерттеуді талдау нәтижесінде, жұмыстың мазмұны тақырыпты толыққанды және нақты түрде **айқындайды.** Диссертация өзара тығыз байланыстағы үш бөлімнен тұрады. Әрбір бөлім зерттеудің мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған және біртұтас логикалық құрылымды құрайды. Жұмыстың құрылымы зерттеудің мақсатына жетуге және қойылған міндеттерді шешуге бағытталған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толықтай **сәйкес келеді.** «Азаматтық сот ісін жүргізуде мұрагерлік істерді қарау ерекшеліктері» тақырыбы бойынша халықаралық

			тәжірибеге және шет елдердің ұлттық заңнамасына салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізілген. Сонымен қатар, ұлттық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша құқықтық реттеуге сараптама жасалып, жаңа ғылыми қорытындылар ұсынылған. Зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелер азаматтық сот ісін жүргізуді оңтайландыруға және мұрагерлік құқық қатынастарын құқықтық реттеуді жетілдіруге бағытталған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың құрылымдық бөліктері мен тұжырымдалған ережелері арасында логикалық байланыс **толыққанды байланысқан** қамтамасыз етілген. Зерттеудің барлық компоненттерінде ғылыми бірізділік пен жүйелілік қағидаларының сақталуы байқалады.
		1) **<u>толық байланысқан;</u>**	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор жұмыста тақырыптың тарихи даму кезеңдерін зерделей отырып, мәселенің қазіргі заманғы құқық қолдану практикасындағы қолданылу деңгейін талдаған. Отандық және шетелдік тәжірибелерге салыстырмалы талдау жүргізу арқылы жаңа ғылыми нәтижелер ұсынылған. Автордың ұсынған шешімдері жеткілікті дәрежеде дәлелденген және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылған, **сыни тұрғыдан бағаланған.**
		1) **<u>сыни талдау бар;</u>**	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар **толығымен жаңа** болып табылады. Азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде мұрагерлік істерді қараудың өзекті мәселелері, атап айтқанда, жекелеген тұжырымдамалары мен нормативтік құқықтық актілерінің баптары талданған. Нәтижесінде, тиісті теориялық тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар тұжырымдалған.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары **толығымен жаңа** болып табылады.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	**Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/**негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертацияда ұсынылған барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан негізделген және ауқымды дәлелдемелермен бекітілген. Зерттеу нәтижелері автордың жалпы саны 17 ғылыми еңбегінде жарияланған, оның ішінде: Комитет ұсынған басылымдарда – 7 ғылыми мақала, халықаралық Scopus базасындағы шетелдік басылымда – 1 ғылыми мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

			материалдарында және отандық басылымдарда – 9 ғылыми еңбек жарық көрген. Бұл автордың зерттеу тақырыбы бойынша жүргізген жұмысының нәтижелілігін және ғылыми қоғамдастық тарапынан мойындалғанын көрсетеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	Диссертацияда қорғауға шығарылған негізгі төрт қағидаттар ұсынылады: **Нәтиже 1.** 1. Мұрагерлік даудың көпқырлылығы мен практикалық маңыздылығын нақтылап, оның кешенді сипаты мен салдарына, назар аудара отырып, ҚР ЖС НҚ «Мұрагерлік дау» дау ұғымын ұсыну. 7.1.1). Қорғауға ұсынылған қағидалар дәлелденген. 7.2.2). тривалды емес. 7.3.1). қағида жаңа. 7.4.3). қолдану деңгейі кең. 7.5.1). ғылыми мақалада дәлелденген. *1. «Наследованное право Республики Казахстан». Оқу құралы. Алматы: «DostarPrint», 2021. - 214 с.* *2. Субъекты наследственных правоотношений в гражданском судопроизводстве: вопросы теории и практики Международный научный журнал «Наука и жизнь Казахстана». – 2020. – № 12/10. – С. 32-39.* *URL:https://www.naukaizhizn.kz/index.php/journal/article/view/198/126*

		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	*3. Мұрагерлік құқықтарды қорғауды жүзеге асырудың кейбір мәселер https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37823709* *4. Мұрагерлік құқық: оқу құралы. Алматы: «Жеті Жарғы», 2017. – 96 б.* **Нәтиже 2.** 2. Мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру мәселелерінде сот органдарының жүктемесін азайту және мұрагерлік құқықтарды қорғаудың тиімділігін арттыру мақсатында, даулы емес жағдайларда мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру рәсімін нотариустардың құзыретіне беру ұсынылады. Бұл шара нотариаттық институттың өкілеттіктерін кеңейту арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. 7.1.1). Қорғауға ұсынылған қағидалар дәлелденген. 7.2.2). тривалды емес. 7.3.1). қағида жаңа. 7.4.3). қолдану деңгейі кең. 7.5.1). ғылыми мақалада дәлелденген. *1. Notary's executive inscription . Вестник Карагандинского университета. Серия право. № 4 (112) 2023 г. С.106-112 DOI: https://doi.org/10.31489/2023L4/106-111* *2. Восстановление срока для принятия наследства в Республике Казахстан Мат. меж.конф Scientific horizon in the context of social crises Proceedings of the 1st International Scientific and Practical*
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

			Conference Tokyo, Japan. 6-8.01.2020. - C.93-98. *3. Өсиет бойынша мұрагерлік дауларды қараудың процессуалдық ерекшеліктері Вестник Института законодательства и правовой информации РК №1 (59) – 2020. – С. 357-364.* **Нәтиже 3.** Мұраны қабылдау мерзімін өткізіп алу себептерінің «дәлелділігін» анықтау өлшемдерін жетілдіру арқылы мұрагерлік құқық нормаларын біркелкі қолдану мен адал мұрагерлердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету. 7.1.1). Қорғауға ұсынылған қағидалар дәлелденген. 7.2.2). тривалды емес. 7.3.1). қағида жаңа. 7.4.3). қолдану деңгейі кең. 7.5.1). ғылыми мақалада дәлелденген. 1. *Предмет доказывания по наследственным спорам: вопросы теории и практики. Zanger. – 2020. – № 7 (228). – С. 66-71.* *2. Расширение доступа к правосудию: ключ к справедливому судебному процессу в Казахстан. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38605759* **Нәтиже 4.** Өсиетті жарамсыз деп тану немесе мұрагерді мұрагерлікке лайықсыз деп тану істерінде қылмыстық-құқықтық элементтер болған жағдайда прокурордың қатысуын міндетті ету.

			7.1.1). Қорғауға ұсынылған қағидалар дәлелденген. 7.2.2). тривалды емес. 7.3.1). қағида жаңа. 7.4.3). қолдану деңгейі кең. 7.5.1). ғылыми мақалада дәлелденген. 1. Recognition as an unworthy heir in court: a comparative analysis of the legislation of the Republic of Kazakhstan and Ukrain. Вестник Карагандинского университета. Серия право. № 29 1 (113) 2024 г. С.128-137. DOI: https://doi.org/10.31489/2024L1/128-137 2. Особое мнение судьи в гражданском судопроизводстве Республики Казахста ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы, 112(4) – 2024. – С.73–80. https://doi.org/10.26577/JAPJ2024.112.i4.a7 3 Pre-trial protocol in civil proceedings. Вестник Карагандинского университета. Серия право. № 29 1 (113) 2024 г. С.128-137. DOI: https://doi.org/10.31489/2024l3/163-170 **Нәтиже 5.** Іште қалған, бірақ әлі тумаған мұрагер болған жағдайда мұра мүлкін бөлу істері бойынша өндірісті тоқтата тұру туралы АПК-дағы олқылықты жою. 7.1.1). Қорғауға ұсынылған қағидалар дәлелденген. 7.2.2). тривалды емес. 7.3.1). қағида жаңа.

			7.4.3). қолдану деңгейі кең. 7.5.1). ғылыми мақалада дәлелденген. *1. Азаматтық процестегі тараптардың жарыспалығы мен тең құқытылығы қағидасы басылм. Материалы Международной научно-практической конференции (в рамках ежегодных цивилистических чтений). г. Алматы, 22-23 сентября 2022 г. Отв. ред. М.К. Сулейменов. Алматы, 2023.- С.380-385.* *2. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құққы (кесте түрінде): оқу құралы. Алматы: «ЛАНТАР BOOKS» баспасы, 2024. - 252 б.* *3. Расширение доступа к правосудию: ключ к справедливому судебному процессу в Казахстане басылм. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38605759* *4. Судові рішення та мирові угоди, пов'язані зі спадщиною, у цивільному процесі басылм. Правовий вимір конституційної та кримінальної юрисдикції в Україні та світі. П'яті юридичні читання: збірник тез доповідей Міжнародної щорічної дистанційної наукової конференції (28 жовтня 2022 року, м. Одеса) / За заг. ред. Т. В. Степановоï, О. А. Чувакова; уклад. С. В. Пілюк, О. В. Нарожна – Одеса: Одеський національний університет імені І.І. Мечникова, 2022. – С. 168-176.*

			Нәтиже 6. Мұрагерлік құқық шеңберінде шаруашылық серіктестіктегі қатысу үлесін беру мәселесін құқықтық реттеуді жетілдіру 7.1.1). Қорғауға ұсынылған қағидалар дәлелденген. 7.2.2). тривалды емес. 7.3.1). қағида жаңа. 7.4.3). қолдану деңгейі кең. 7.5.1). ғылыми мақалада дәлелденген. Conflict of interests in commercial and civil law. Amazonia Investiga, 11(60), 224-234. (Q3)
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) **ия;** 2) жоқ.	**Ия.** Зерттеу барысында қолданылған әдіснамалық тәсілдердің негіздемесі беріліп, олардың сипаттамасы толыққанды ашылған. Зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен сенімділігін қамтамасыз етудің маңызды шарты ретінде жүйелі және дәйекті әдіснамалық көзқарас ұсынылған. Диссертацияның әдіснамалық негізі нормативтік-құқықтық талдау, тарихи әдіс, салыстырмалы-құқықтық талдау және сапалық зерттеу әдістерінің кешенді қолданылуын қамтиды. Әдіснаманың дәйекті және жүйелі түрде ұсынылуы зерттеу нәтижелерінің дәлдігіне сенімділік тудырып, жұмыстың ғылыми құндылығын арттырады.

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	**Ия.** Диссертациялық зерттеудің нәтижелері заманауи ғылыми зерттеу әдістерін, сондай-ақ мәліметтерді өңдеу мен интерпретациялаудың тиімді құралдарын қолдану арқылы алынған. Бұл тәсіл зерттеу қорытындыларының объективтілігін қамтамасыз етіп, олардың ғылыми құндылығын арттыруға мүмкіндік берді.
		1) **ия;** 2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	**Ия.** Ұсынылған теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеулер арқылы верификацияланып, дәлелденген. Бұл ғылыми қағидалар мен тұжырымдардың сенімділігі мен негізділігін қамтамасыз етеді. Сот практикасын талдау барысында зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен қайталануын арттыру мақсатында сандық мәліметтер статистикалық әдістермен өңделіп, олардың дәлдігі қамтамасыз етілген. Бұл әдіс теориялық болжамдардың қосымша расталуын қамтамасыз етіп, зерттеудің ғылыми құндылығын арттырды.
		1) **ия;** 2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Ұсынылған мәліметтер нақты және сенімді дереккөздерге негізделіп, ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелер арқылы **расталған.** Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу нәтижелерін қолдауға және оның маңызды тұжырымдарын негіздеуге

			мүмкіндік беретін беделді ғылыми дереккөздерден құралған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбы бойынша жан-жақты әдеби шолу жасауға **жеткілікті.** Автор зерттеу тақырыбын терең меңгергенін көрсете отырып, заманауи монографиялар, ғылыми журналдардағы мақалалар, халықаралық құжаттар және ұлттық нормативтік құқықтық актілерді қоса алғанда, кең ауқымды дереккөздерге жүгінген. Дереккөздерді іріктеу тәсілі зерттеудің өзектілігі мен әр қырлылығын айқындап, тақырыптың жан-жақтылығы мен күрделілігін қамтуға мүмкіндік берді. Зерттеуші қарастырылып отырған тақырып бойынша ауқымды ғылыми шолу жүргізіп, 241 дереккөзді пайдаланған. Классикалық еңбектер мен соңғы басылымдардың үйлесімділігі әдеби шолудың толықтығы мен өзектілігін қамтамасыз етті. Диссертациялық зерттеуде ғылыми әдебиеттер, оқулықтар және ғылыми мақалалар жеткілікті деңгейде қамтылған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) **бар;** 2) жоқ.	**Бар.** Ұсынылған теориялық зерттеу жұмысы заң ғылымында, оның ішінде азаматтық сот ісін жүргізуде мұрагерлік істерді қарау бойынша маңызды үлес қосады деп айтуға болады.

		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	**Ия**. «Азаматтық сот ісін жүргізуде мұрагерлік істерді қарау ерекшеліктері» тақырыбы мұрагерлік құқық қатынастарының күрделілігі мен сот практикасындағы түйткілді мәселелерді қозғайды. Зерттеу нәтижелері мұрагерлік құқық және азаматтық процестік заңнаманы жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды қамтиды. Бұл өз кезегінде заңдардың тиімділігін арттырып, азаматтардың құқықтарын қорғауға септігін тигізеді. диссертациялық жұмысыңыздың тақырыбы өзекті және маңызды. Зерттеу нәтижелері сот практикасында кеңінен қолданылуы мүмкін, заңнаманы жетілдіруге ықпал етеді, білім беру процесінде пайдаланылады.
		1) **ия;** 2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертация ұсынылған практикалық ұсыныстар **толығымен жаңа.** Деректер осыған дейін қолданылмаған практикалық ұсыныстармен толықтырылған. Ұсыныстар құқық саласында кеңінен қолданылуы қажет деп есептейміз.Ұсыныстар бұрын-соңды қолданылмаған жаңа практикалық ұсыныстарды ұсынады. Бұл зерттеудің түпнұсқалығын, яғни автордың жеке ғылыми үлесіңізді көрсетеді. Бұл ұсыныстардың жаңашылдығы зерттеудің құндылығын арттырады, себебі ол құқық
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			саласына тың шешімдер мен көзқарастар әкеледі. Ұсынылған практикалық ұсыныстар мұрагерлік істерді жүргізудегі нақты қиындықтарды шешуге бағытталған. Жаңа практикалық ұсыныстар тек эмпирикалық бақылауларға немесе сот тәжірибесіне ғана емес, сонымен қатар терең теориялық талдауға негізделген.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **<u>жоғары;</u>** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу **жоғары** сапада жазылған. Диссертация тарауларының арасындағы логикалық байланысы, пікірлер дәлелді деректермен негізделген. Диссертациялық жұмыс жоғары сапалы академиялық жазу стилімен ерекшеленеді. Бұл стиль ғылыми дәлдікті, терминологиялық біркелкілікті және тілдік тазалықты қамтамасыз етеді. Жұмыстағы әрбір сөйлем мен абзац ойдың анық жеткізілуіне, ғылыми талаптарға сай келуіне бағытталған. Диссертация тарауларының арасындағы логикалық байланыс айқын және дәйекті түрде жүзеге асырылған. Әрбір тарау алдыңғы тараудың жалғасы болып табылады және кейінгі тарауларға негіз қалайды. Жұмыстың құрылымы зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді, ал тараулар арасындағы байланыс зерттеудің тұтастығын қамтамасыз етеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Мәтінде техникалық қателер және бірізділік мәселері кездеседі.

			Бұл келтірілген ескертпелер диссертацияның ғылыми құндылығын төмендетпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертациялық жұмыс ғылыми дәреже алу үшін ұсынылған зерттеу еңбегі, ретінде, мақалалар сериясы форматында емес, толыққанды диссертациялық жұмыс ретінде жазылған. Ізденушінің зерттеу тақырыбы бойынша жүргізілген жұмысының терендігін, жан-жақтылығын және біртұтастығын қамтамасыз етуге бағытталған. Жұмыс ізденушінің ғылыми біліктілігін, зерттеу дағдыларын және тақырыпты терең түсіну қабілетін көрсетеді. Ол ғылымға жаңа үлес қосуға және практикалық мәселелерді шешуге бағытталған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Дәрежелерді беру қағидалары» талаптарына толық сәйкес келеді. Осыған орай, Максатов Нұржан Ришатұлының «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыныс жасауға болады деп санаймын.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1. Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру.

«6D030100 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Максатов Нұржан Ришатұлының «Азаматтық сот ісін жүргізуде мұрагерлік істерді қарау ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, жұмыс қойылатын талаптарға сәйкес және философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Заң ғылымдарының докторы, профессор, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры. (Талдықорған, Қазақстан) **Е.Ә. Бөрібаев**

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ КАДР САЯСАТЫН БАСҚАРУ БӨЛІМІ
Қолы Бөрібаев Е.Ә.
РАСТАЙМЫН

КАДР САЯСАТЫН БАСҚАРУ БӨЛІМІ